

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.287- 290

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЕТТІ ІРІ ІРІ ҚАРА МАЛ ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Пшанова А.,
Сенкебаева Д.Т.*

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына дейін және одан кейін қабылданған бәсекелестікке қабілетті тауар шығарып, қызмет көрсетуге бағытталған теориялық алғышарттарды экономикалық нақты көрсеткіштерге ұластыру қажет және ол бүгінгі күннің көкейтесті талаптарының бірі. Ол үшін, экономистердің пайымдауынша, әр ел әлемдік шаруашылықта өз тауарымен және қызметімен өз орнын табуы тиіс. Десе де, белгілі бір ел ішкі азық-түлік және киім-кешек сұранысын мейлінше өзі қамтамасыз еткен жағдайда ғана ұлттық экономика бәсекелестікке қабілетті болмақ және ол тұрақты экономикалық даму кепілі. Қалыптасқан әлемдік үрдістермен қолда бар әулетті ескерер болсақ, агроөнеркәсіп кешені біздің экономикамыздың жоғары маңызды, табысты саласы болуға тиіс [1].

2018 жылдың қорытындысы бойынша, мал шаруашылығының жылдық жалпы өнімі 13,2% өсіп, 2 трлн теңгеге жетті. Мал шаруашылығының ең қарқынды өсімі Алматы облысында байқалды. Облыстағы өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда 17,8% ұлғайып, 355,8 млрд теңгеге жетсе, екінші орындағы Шығыс Қазақстан облысында 11% өсіп, 291,8 млрд теңгені құрады. Ал Түркістан облысында мал шаруашылығының жалпы өнімі 255,7 млрд теңгені құраған. Одан кейін тиісінше Қарағанды облысы – 155,4 млрд теңге, Ақтөбе облысы – 148,1 млрд теңге, СҚО – 146,1 млрд теңге, Ақмола облысы – 136,8 млрд теңге, Жамбыл облысы – 120,2 млрд теңге, Қостанай облысы 117,7 млрд теңге және Павлодар облысы 116,2 млрд теңгенің өнімін шығарған. Өз кезегінде БҚО, Атырау облысы, Қызылорда мен Маңғыстау облыстары тиісінше 90,8 млрд теңге, 39,8 млрд теңге, 39,4 млрд теңге және 12,4 млрд теңгенің өнімін шығарған. Ал Шымкент, Алматы мен Астана қалалары сәйкесінше 16,6 млрд теңге, 1,6 млрд теңге және 0,2 млрд теңгенің өнімін өндірген екен [2].

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, қазіргі таңда ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімнің 45-ы мал шаруашылығына тиесілі. 2017-2021 жылдарға арналған ауыл шаруашылық кешенін дамыту аясында салаға салынған қаражаттың 30%-ы, яғни 35,9 млрд теңге мал шаруашылығы

саласындағы инвестициялық жобаларға бағытталып отыр. Мал шаруашылығының ішінде ұзақмерзімді басты сектор – ет өндірісі деп танылуда. Елімізде сиыр етінің өндірісін арттыру ірі қара малдың жас төлін бірізді қарқынды өсіру және семіртумен, малды бағу және жемдеу технологияларын жетілдірумен, өсірілетін малдың генетикалық мүмкіндігін барынша пайдаланумен өте тығыз байланысты [3].

Елдің экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде отандық сүтті мал шаруашылығы бәсекеге қабілетті болу және елдің азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін өнімділігі жоғары мал басына негізделуі керек. Етті мал шаруашылығы адамдардың жоғары құнды тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда және тамақ өнеркәсібін жануарлардан алынатын шикізатпен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [4].

Қызылорда облысында орналасқан «Бимағанбет» шаруа қожалығының негізгі бағыты – етті ірі қара мал шаруашылығы және солардың өнімдерін өсіп-өндіру болып табылады. Шаруашылықтың мал құрамы: сиырлар – 20 бас, құнажындар – 8 бас, тайынша – 6 бас, бұқашық – 21 бас, бордақы бұқашық – 10 бас және асыл тұқымды бұқашық - 5 бас.. Атап айтқанда, шаруашылық етті бағыттағы Қазақтың ақбас тұқымын қазіргі кезде өсіріп дамытуды қолға алып келеді.

Қазақтың ақбас сиыры — ет бағытындағы тұқым. Қазақстан мен РСФСР-дың оңтүстік-шығыс аудандарында қалмақ және жергілікті сиырларды герофорд тұқымымен будандастырып, үшінші ұрпақ будандарын бірыңғай өсіру арқылы шығарылды. Жеке тұқым ретінде 1950 жылы қабылданды. Жайылымға жақсы, тез ет алады. Ыстық-суыққа төзімді. Денесі ықшам, сүйегі берік. Сирағы қысқа, төртбақ, мойны қысқа, жуан, жонды, кеудесі кең, төсі салыңқы. Шоқтығының биіктігі 124—125 см, тұрқы 152—156 см, жіліншілігінің орамы 18—20 см. Жайылымда семірілген өгізшелердің сойыс шығымы 63—67%.

Жалпы шаруашылықта малдарға азықтың бірнеше түрлері мен минералды қоспалар беріледі. Күніне барлық сиырға 5 тонна 30 кг азық қоспасы беріледі. Азықты күніне 2 мезгілде : таңертең 6.00-8.00 аралығында және кешкі уақытта 16.00-17.00 аралығында береді.

Пішен – етті тұқымды ірі қараның қыстық азық қорындағы құнарлы азықтың негізгі түрі. Оның сапасы шөп шабу мерзіміне, шөпжинау әдісіне және сақталуына байланысты.

Жақсы сапалы пішен дайындау үшін бұршақ тұқымдастарды бутонизация фазасы кезінде, астық тұқымдастарды – гүлдену кезінде шабады. Осы кезе өсімдіктер максималды қоректік заттарға ие болады. Пішеннің сапасы көбіне шөпті кептіру ұзақтығына байланысты болады. Неғұрлым ол тез болса, соғұрлым қоректік заттарын және каротинді жоғалту аз болады. Бұршақ тұқымдасты шөптер мен бұршақты-астық тұқымдасты шөптер және әртүрлі шөптерді ламинаттау олардың кебуін тездетеді. Ылғалды шөпті табиғи кептіру технологиясында, қоректік заттардың жоғалуы 25-50% құрайды. Ол жағдайды қысқарту үшін пішенді тюктарда және рулондарда престап кептіру прогрессивтік тәсілі қолданылады. Тюкқа массаны престап ылғалдылығы 18-

20%, тығыздығы 150-200кг/м³ жағдайында жасау керек. Пішенді престеп дайындау ылғалды дайындауға қарағанда қоректік зат шығымы 1 га 1,5 ца, ал протеин 43 кг жоғары. Бұдан бөлек, 1 тоннаға еңбек шығымы 6%, қаражат 14% және азық өлшемінің өзіндік құны 20% аз шығындалады. Қоректік заттарды толық сақтау және жақсы сапалы пішен алу мақсатында солғын шөптерді аз тығыздықта активті желдету әдісімен кептіреді. Бұл жағдайда массаны 35% ылғалдылықта пресстейді. Тюктерді қысқа (40X36X52 см), тығыздығы 100-110 кг/м³ күйінде жасайды. Пішенді активті желдету арқылы дайындау поляда кептіргенмен салыстырғанда қарағанда биологиялық орын 15 - 20%, азық өлшемі мен қорытылған протеинін 1,5 есеге, ал каротинді 3-4 есеге артырады. Активті желдету арқылы кептірілген пішенмен малды азықтандыру төлдің орташа тәуліктік өсімін 16,3% арттырады.

Сүрлем қысқы уақытта негізгі шырынды азық болып табылады. Сүрлем өзінің азықтық сапасын ұзақ уақыт бойы сақтағанда жоғалтпайды. Бұл қолайлы жылдары азықтың резервтік қорын жасауға мүмкіндік туғызады. Өсімдіктің ылғалдылығы 75% төмен болғанда кесу мөлшері 2-3 см, ылғалдылығы 75-тен 80%-ға дейін болғанда кесу мөлшері 4,5 см, ылғалдылығы 80% -дан жоғары болғанда 10-12 см болуы керек. Қойманы сүрлемдік массамен толтырған кезде біркелкі түзетіп және үздіксіз ықшамдап отырады. Дұрыс салынған сүрлемде температура 30-35°C жоғары көтерілмейді, жоғары сапалы сүрлем алуға кепіл болады. Жүгері сүрлемінің протеинін арттыру мақсатында сүрлемделетін массаға 1 т 3-5 кг карбамид қосады, ірі қараға жүгерілі-сабанды аралас сүрлем, жүгері – 85,5 %, сабан – 6 %, дән қалдықтары – 7,8 %, карбамид – 0,3 %, фторсызданған фосфат – 0,2 % және ас тұзы 0,2 % массасына ұсынылады. Мұндай сүрлем жақсы желінеді және де бұқашықтардың 850-900 г орташа тәуліктік салмақ қосуын қамтамасыз етеді, бұл қарапайым жүгері сүрлеміне қарағанда 130 г артық [5].

Пішендеме – бұл герметикалық жағдайларда, шөптерден жасалған, 45-55% ылғалдылықта шабылғаннан кейін поляда солған, консервіленген азық. Азықтың физиологиялық құрғақтығына байланысты қоректік заттары сақталады. Пішендеме дайындағанда сүрлемделуіне қарамастан барлық шөптер қолданылады, себебі сүрлемге қарағанда пішендеме дайындағанда өсімдіктердегі қанттың мөлшері маңызды емес. Солғын шөпті ұсақтамай тығыздау арқылы пішендеме жасау керек. 45 - 55% ылғалдылыққа дейін шөп солып кесіледі, сосын жарты тюк көлемінде алынатын пресстегіште престеледі. Солғын массаның үстінен 50 сантиметрлік ұсақталған ылғал жүгері қабаты салынады және жақсылап тығыздалғаннан кейін траншеяның үсті полиэтиленді пленкамен және қалыңдығы 1 м сабан қабатымен жабылады. Мұндай жағдайда пішендеме сапасы жағынан және бағасы жағынан ұсақталған шөптерден жасалған пішендемеден асып түседі. Мал басын жеткілікті жемшөппен қамтамасыз ету үшін өз шаруашылығында өсірілген және дайындалған жақсы сапалы азықтармен азықтандырған жөн. Бұл шаруашылыққа тиімді өндірістік жағдай туғызады, себебі өзінде дайындалған азықтың өзіндік құндылығы сатып алынған азыққа қарағанда

әлде қайда төмен. Жемшөп өндіру жұмыстары дұрыс жүргізілген жағдайда мекеме азықтың өзіне қажетті сапасын шығара алады.

Шаруашылықта асыл тұқымды бұқашықтарды азықтандыру үшін астық және бұршақ тұқымдастылардың пішендері, сүрлем, пішендеме, құрамажемдер немесе астық тұқымды концентраттардың қоспасы, оптималды түрде: ірі азық 25-30 %, шырынды азық 20-30 %, құнарлы азықтар 45-50 % рациондарына сіңірілуіне байланысты беріледі. Жыныстық функцияның дамуына шөп ұны, тары ұнындағы милиацин, витаминді-ақуызды қоспалар септігін тигізеді. Жазғы маусымда азық ретінде шабылған жасыл шөптерді береді. 1 жасқа дейінгі асыл тұқымды бұқашықтардың рационнасына 4-4,5 кг астық және бұршақ тұқымдастардың пішенін, 7-10 кг сүрлем, 2,5-3 кг концентраттар, 1 жастан үлкендеріне 4-4,5 кг пішен, 9-10 кг сүрлем, 3,5-3,8 кг концентраттар қосуға болады. Минералды азықтандыру мақсатында 100 кг массасына 10-11 г ас тұзы, мал басына тәулігіне 20-50 г азықтық фосфат және премикс түрінде микроэлементтердің тұздарын беруге болады.

Серуендеу-азықтық аймағы мал тобын ұстауға арналған қоршалған жеке аймақ. Ірі қара малды қысқы қорада ұстау жағдайына ауыстырмас бұрын, мал тұратын қорасын дайындап алады. Ол үшін қалың ауыстырылмайтын қалыңдығы 30-40 см болатын сабан төсеніш салады.

Қыстау кезінде төсенішті күнделікті немесе былғану дәрежесіне байланысты тәулігіне малдың басына қарай 1-2 кг сабан салынып отырады.

Қиды далалық алаңдарда, бұзау қоражайында төсенішімен бірге қорадан жылына екі рет бульдозермен немесе тракторлармен тазартылып отырады. Ал сүт өндіру цехтарында скреперлі қи шығарғыш жұмыс істейді.

Серуендеу-азықтық аймағының ортасында қорған салынады, ол аптасына 1 рет жаңартылып отырады. Азықтанғаннан кейін мал қорғанда демалады, сол себепті лас жерде аз уақыт болады.

Қысты күні де қорғандарда ұсталатын малдардың өзін жылытуға аз энергия жұмсалады, ол азықтың аз желінуіне және өнімділіктің артуына себепкер болады [6]. Серуендеу-азықтық аймағында алаңды мөлшермен пайдаланған дұрыс. Азықтық фронттың артуын оттықтардың қоражайларда ұзына бойы орналасуы қамтамасыз етеді.

Былырғы төлдерді, суалғанбуаз сиырларды, бұзауы бар сиырларды және аталық бұқаларды азықтандыру серуендеу алаңдарында жүргізіледі.

Малдарды автосуарғыштармен суды жылыту арқылы суарады. Автосуарғыштар бетонда орналастырылған құрылғылар.

Автосуарғыштың модификациясына және маркасына байланысты бір мезетте 2 бастан 6 басқадейін малды суаруға қауқарлы. Жоғары қысымды қалқымалы клапанның эффективтілігіне байланысты автосуарғыш тақысты күні су +6°C құрайды.

Үздіксіз су тарату үшін аумақта насос қондырғысы болады. Құдықтардан су жиналатын резервуарларға толтырылады. Резервуарлардағы су насостың көмегімен ғимараттың ішіндегі желілеріне жеткізіледі. Ғимарат

ішіндегі желілерге пайдалануға арналған ауыз суы және өрт сөндіруге арналған су тетіктерінен тұрады.

Малдарды желден қорғау мақсатында қораларды желден қорғайтын құрылғылар бар. Ол стационарлы және ауыспалы түрде болады. Ең тиімдісі ирек түрдегі желден қорғайтын құрылғылар. Шаруа қожалықта өсіріліп отырған мал жағдайын есепке ала отырып, бейімделу ерекшеліктері бойынша Қазақстанның оңтүстік өңірінде қазақ ақбас тұқымы сияқты етті малын өсіру мүмкіндігі зор.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.А. Стратегия-2030.- М.,1997 г.
2. <https://stat.gov.kz>
3. <https://inbusiness.kz/kz/news/mal-sharuashylygynyn-ekonomikadagy-ulesi-artyp-keledi>
4. Jeffrey Gillespie, Berdikul Qushim, Narayan Nyaupane, Kenneth McMillin. Breeding Technologies in U.S. Meat Goat Production: Who are the Adopters and How Does Adoption Impact Productivity// [Agricultural and Resource Economics Review](#) , [Volume 44](#) , [Issue 3](#) . – England. - December 2015 , pp. 315 – 339.
5. Ысқақбаев Б. Ірі қара шаруашылығы\оқулық-Алматы «Қайнар» баспасы , 1996. ISBN 5-620-00781-2
6. А. Ә. Төреханов, Қ. Ж. Аманжолов, Б. Ө. Өмірзақов, Е. С. Ержігітов. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін ірі қара малының ет өнімділігі мен экономикалық тиімділігі.\\ Ғылыми- теориялық және практикалық журнал. Жаршы. – 2008. - №10. 43 б.